«8D04110 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Қанашаев Даулет Есенбайұлының «Технологиялық процестерді цифрландыруды қолдану арқылы кілем өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялдық жұмыстың тақырыбы «Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Үкіметтің қаулысында, «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңында көрсетілген міндеттерге сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласының дамуын реттейтін концептуалды және нормативтік құжаттардың ережелерін көрсететін өзектілігі мен басымдылығымен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекітетін «8D04110 – Экономика» бағыты бойынша ғылымды дамыту басымдығына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс кілем өнеркәсібінде ғылыми-техникалық даму бөлімдерінің енуіне және цифрландыру жұмыстарын жетілдіруге елеулі үлес қосады. Сол себепті кілем өндірісіндегі инновациялық әлеуетті арттыру

			мәселелерін зерттеу, кілем өндірісіндегі жаңа кәсіпорындардың құрылуы мен инновациялық бастамаларды анықтау және кілем өнеркәсібінде инновациялық белсенділікті арттыруға ықпал ететін мемлекеттік қолдау іс-шараларының үлгісін әзірлеу ғылым үшін өзекті тақырып болып табылады. Диссертациялық жұмыс технологиялық процестерді цифрландыру аясында таңдалған көрсеткіштердің өзара әсерін бағалау бойынша авторлық тәсілді және кілем өнеркәсібіндегі инновациялық белсенділікті арттыру іс шараларының сызбасын ұсынады. Аталған іс-шаралар мемлекеттің индустриялық саясатының теориялық-әдістемелік негізін кеңейтуге мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс өз бетінше орындалған және аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Докторанттың дербестігі кілем өндірісіндегі инновациялық әлеуетті арттыру мәселелеріне зерттеудің әдістемелік негіздерін анықтауда, жеңіл өнеркәсіп, оның ішінде кілем өнеркәсібінің қазіргі жағдайлары және инновациялық даму тенденциялары талдау мен бағалауды ұйымдастырудың әдістерін, нысандары мен құралдарын әзірлеуде, кілем өнеркәсібі субъектілерінің қайта құрылымдаудың ішкі көздерін инновациялық белсендіруге бағытталған ұсыныстарды жасауда көрінеді. Автор кілем өндірісіндегі еңбек өнімділігіне ықпал ететін факторларды бағалауға арналған эконометрикалық модельді де өз бетімен әзірлеген. Ұсынылған барлық қорытындылар мен ұсыныстар түпнұсқалық талдау нәтижелеріне негізделген және автордың дербес ғылыми еңбегінің нәтижесі болып табылады. Диссертациялық жұмыс ғылыми зерттеуге қойылатын академиялық талаптарға толық сәйкес келеді. Автордың жоғары деңгейдегі аналитикалық және әдістемелік дайындығын, сондай-ақ өндірістік процесті цифрландыру саласында жаңа ғылыми білім мен практикалық шешімдер ұсыну қабілетін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;**	Зерттеудің өзектілігін докторант толық дәлелдейді. Диссертациялық жұмыста жеңіл өнеркәсіп оның ішінде көлем өнеркәсібінің қазіргі жай-күйіне кешенді талдау жүргізіліп, кілем

		2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	өндірісіндегі инновациялық белсенділікке әсер ететін негізгі факторлар анықталды және оны реформалау бойынша негізделген ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибеге талдау жасау негізінде Қазақстан жағдайына бейімделген шешімдер ұсынылды. Сәйкесінше, бұл зерттеу тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ инновациялық даму бағытындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруда практикалық маңызға да ие. Осыған байланысты докторант, технологиялық процестерді цифрландыруды қолдану арқылы кілем өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдерін ұсына отырып, таңдаған зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздей алды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Жеке тараулар кілем және кілем бұйымдары өндірісіндегі цифрландыру жүйесін басқару және реттеу мәселесін кешенді түрде қарастырып, жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін кезең-кезеңімен іске асыруға бағытталған. Ғылыми мәселе атауында көрсетілген бағытпен сабақтас түрде теориялық тұжырымдар, эмпирикалық деректерге негізделген талдау және реформалау жоніндегі ұсыныстар өзара үйлесімді әрі қисынды түрде ұсынылған. Зерттеудің құрылымы мен мазмұны тақырыпқа сай ғылыми талаптарға толығымен жауап береді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Докторант зерттеуінің мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыстың тақырыбымен тікелей байланысты. Олар нақты және шынайы қойылған. Сонымен қатар зерттеліп отырған мәселенің мәнін дәл бейнелейтін ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Зерттеудің барлық құрылымдық элементтері - кіріспе, теориялық бөлім, талдау және ұсыныстар қойылған міндеттерге сәйкес түрде құрылған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыс ішкі логикалық тұтастығымен ерекшеленеді. Бір тараудан екінші тарауға өту негізді, әр бөлім алдыңғыдан логикалық түрде туындайды. Теориялық тұжырымдар

		1) толық байланысқан;	эмпирикалық талдау арқылы бекітілген, ал тәжірибелік ұсыныстар талдау нәтижелеріне негізделген. Барлық бөлімдер өзара үйлесімді. Жұмыс тұтас ғылыми құрылым ретінде ұсынылған.
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық зерттеуде кілем өндірісіне инновациялық жаңғыртуларды енгізу тәсілдеріне сыни талдау жүргізілген. Докторант отандық және шетелдік тәжірибенің теориялық және практикалық қырларына жан-жақты талдау жасаған. Қолданылған шешімдерді салыстыру барысында цифрлық технологияларды енгізу кезінде кілем өндірісі кәсіпорындарының жұмыс істеу тетіктерін әзірлеуге арналған біржақты көзқарастарға сындарлы көзқарас берілген. Жұмыста ұсынылған кілем өндірісіндегі инновациялық белсенділікті арттыру әдістемесі қолданыстағы тәсілдермен салыстырылып, Қазақстанның қазіргі әлеуметтік- экономикалық жағдайларына барынша бейімделгені дәлелденген. Осыған байланысты, автор ұсынған жаңа шешімдер тек теориялық жаңалық ретінде ғана емес, сонымен қатар қолданыстағы механизмдерге ғылыми тұрғыдан негізделген балама ретінде практикалық маңызға да ие.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар ішінара жаңа болып табылады және өндірістегі технологиялық процестерді цифрландыру жүйесін зерделеуге айтарлықтай үлес қосады. Жұмыстың ғылыми жаңалығы кілем өндірісіндегі инновациялық белсенділікті арттыру жүйесін басқаруға әсер ететін факторлар кешенін экономикалық-математикалық моделдеу негізінде зерттеп, өндірістік процесті жаңғырту бойынша мемлекеттік басқару шараларын әзірлеу арқылы көрінеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары жаңа және диссертациялық жұмыстың тезистеріне логикалық түрде сәйкес келеді және толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу қорытындылары терең ғылыми талдауға, кең ауқымды эмпирикалық материалға және
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	негізделген әдіснамалық тәсілдерге сүйенеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Автордың зерттеу жұмысында ұсынылған технологиялық процестерді цифрландыруды қолдану арқылы кілем өнеркәсібіндегі кәсіпорындарды инновациялық жетілдіру бойынша шешімдері ішінара жаңа және негізделген. Зерттеу жұмысындағы ұсыныстар кілем және кілем бұйымдары нарығындағы келеңсіз жағдайларды төмендетуге бағытталған шараларды әзірлеуді, кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін жетілдіруді, цифрлық технологияларды енгізу арқылы кілем өндірісін жаңғыртуды және осы саладағы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің тиімді тетіктерін жүзеге асыру мүмкіндіктерін арттыруды қамтиды.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу жұмысы аясында алынған нәтижелер мен қорытындылардың негізділігі зерттеудің жоғары стандарттарын сақтау, сондай-ақ жалпы ғылыми әдістердің кең спектрін қолдану арқылы қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыста сандық және сапалық әдістер қолданылған. Зерттеудің ақпараттық базасы ресми дереккөздерден алынған деректерге, сондай-ақ эксперттік сұхбаттар нәтижелеріне негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Негізгі қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми тұрғыдан негізделген, теориялық әзірлемелермен, статистикалық деректермен және әдіснамалық тәсілдермен расталған. 1-ереже. Әлемдік кілем нарығының даму жағдайының жақсаруы кілем өндірісіндегі технологиялық цифрландыру негізінде инновациялық белсенділікті арттыруға байланысты болып отыр. 7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? Тривиалды емес; 7.3 Жаңа ма? Жаңа болып табылады; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Автормен жарияланған мақалада
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	

		2) жоқ;	ішінара дәлелденген: Organisational-economic mechanism for increasing the innovative activity of carpet industry enterprises in the digitalisation of technological processes. World Development Perspectives, Volume 37, March 2025 https://doi.org/10.1016/j.wdp.2024.100654 2-ереже. Кілем кәсіпорыны инновациялық белсенділігі факторларының бәсекелестік ортада өндірістің тиімділігін арттыруға әсерлері маңызды. 7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? Жоқ; 7.3 Жаңа ма? Ия; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Автормен жарияланған мақалада ішінара дәлелденген: Digitalization assessment features in the carpet industry of Kazakhstan. Қарағанды университетінің Хабаршысы, «Экономика» сериясы, №4(108). Қарағанды, 2022ж. Б. 44-54. 3-ереже. Жеңіл өнеркәсіп саласының оның ішінде кілем өндірісінің қазіргі жағдайларын жақсарту үшін кілем өндірісіндегі инновациялық қызметті инвестициялық ынталандыру тетіктерін енгізу қажет. 7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? Тривиалды емес; 7.3 Жаңа ма? Жаңа болып табылады; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Автормен жарияланған мақалада ішінара дәлелденген: Кілем өнеркәсібі кәсіпорындарын цифрландырудың ұйымдастырушылық-экономикалық негіздері. Қазақ Экономика, Қаржы және халықаралық сауда Университетінің Жаршысы, №1(46). Астана, 2022ж. Б. 78-83.
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			4-ереже. «Бал Текстиль» ЖШС-де технологиялық процестерді цифрландыру шеңберінде өндірістің негізгі кезеңдерін жаңғыртуда ERP жүйесін енгізудің маңызы үлкен. Өндірісті цифрлық трансформациялауда барлық негізгі басқару функцияларын онлайн форматқа көшіруге Bal Mobile атты мобильді қосымшаны әзірлеу де жақсы нәтиже береді. 7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? Тривиалды емес; 7.3 Жаңа ма? Жаңа болып табылады; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Автормен жарияланған мақалада ішінара дәлелденген: Кілем өнеркәсібі кәсіпорындарындағы инновациялық белсенділікті бағалаудың математикалық әдістері. «Тұран» университетінің хабаршысы, №3(95). Алматы, 2022ж, Б. 235-247. 5-ереже. Отандық кілем нарығындағы келеңсіз жағдайларды анықтаудың SWOT-анализін жасап, кілем өнеркәсібінде инновациялық белсенділікті арттыруға ықпал ететін мемлекеттік қолдау іс-шараларын жандандырудың ықпалы үлкен. 7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? Тривиалды емес; 7.3 Жаңа ма? Жаңа болып табылады; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Автормен жарияланған мақалада ішінара дәлелденген: Цифрландыру кілем өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін арттыру факторы ретінде. Қазақ Экономика, Қаржы және халықаралық сауда Университетінің Жаршысы, №4(49). Астана, 2022ж. Б. 201-205. 6-ереже. Кілем өнеркәсібінде иннвациялық белсенділікті арттыру тетіктерін анықтап, инновациялық-инвестициялық жобаны

			іске асыру отандық кілем өндірісін көтеруде ұтымды бағыт. 7.1 Ереже дәлелденді ме? Дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? Тривиалды емес; 7.3 Жаңа ма? Жаңа болып табылады; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Автормен жарияланған мақалада ішінара дәлелденген: Organisational-economic mechanism for increasing the innovative activity of carpet industry enterprises in the digitalisation of technological processes. World Development Perspectives, Volume 37, March 2025 https://doi.org/10.1016/j.wdp.2024.100654
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу үшін таңдалған әдістеме ғылыми тұрғыда негізделген. Диссертациялық жұмыста қолданылған әдістеменің сипаттамасы келтірілген. Ғылыми жұмысты әзірлеу барысында эконометрикалық модельдеу, салыстырмалы талдау, сипаттамалық әдіс, статистикалық талдау және факторлық талдау сияқты зерттеудің сапалық және сандық әдістері қолданылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу барысында сандық және сапалық аспектілерді қамтитын заманауи аналитикалық әдістер қолданылған. Осыған орай, зерттеу аясында цифрландырудың еңбек өнімділігіне тигізетін ықпалын анықтау үшін бірнеше эконометриялық тәсілдер қолданылған. Атап айтқанда, ең кіші квадраттар (OLS) негізінде регрессиялық модельдер пайдаланылған. Зерттеуде регрессиялық модельдерді есептеу және эконометриялық талдауларды жүргізу үшін Gretl (Gnu Regression, Econometrics and Time-series Library) бағдарламалық жасақтамасы қолданылған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, расталған. Атап айтқанда, кәсіпорындағы еңбек өнімділігіне әсер етуші факторларды анықтау және оларды экономикалық-математикалық модельдеу негізінде бағалау орындалған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Пайдаланылған барлық деректерде сенімді ғылыми және нормативтік дереккөздерге сілтемелер бар. Бұл зерттеудің сенімділік деңгейін арттырады. Қолданылған отандық және шетелдік әдебиеттер диссертациялық жұмыс тақырыбына сәйкес келеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Жұмыста жалпы саны 124 әдебиет пен дереккөздері қолданылған. Бұл сапалы әдебиеттерге шолу жасауға жеткілікті болып табылады. Жұмыста нормативтік-құқықтық актілер, ғылыми жарияланымдар, талдамалық есептер және статистикалық деректер пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеу кілем өндірісі саласындағы мемлекеттік басқару теориясының дамуына айтарлықтай үлес қосады. Жұмыста кәсіпорынның инновациялық дамуын реттеудің негізгі тәсілдері жүйеленген, мемлекеттік бақылау және әлеуметтік саясат тетіктері қаралған, сондай-ақ кілем өндірісіндегі еңбек өнімділігін бағалау әдістері ұсынылған. Жұмыстың теориялық маңыздылығы Қазақстанның кілем және кілем бұйымдары өндірісін талдау мен жетілдіруге авторлық тәсілдерді әзірлеуде жатыр, оны одан әрі ғылыми зерттеулерде пайдалануға болады
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертация нәтижелері жоғары практикалық маңызға ие, өйткені оларды Қазақстанның кілем өндірісінің инновациялық белсенділігін арттыру үшін пайдалануға болады. Атап айтқанда, кілем өндірісінің инновациялық дамуын бағалаудың ұсынылған әдістері мен кілем

		1) ия;	өндірісіндегі технололгиялық процестерді басқару тетіктерін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, Ұлттық банктің және басқа да мемлекеттік құрылымдардың қызметінде қолданылуы мүмкін. Жұмыста әзірленген әдістемелік ұсынымдар кәсіпорындардың инновациялық даму бағытындағы жаңа заңнамалық бастамаларды әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Қазақстандық кәсіпорындардағы технологиялық процестерді цифрландыру жүйесін басқаруды жаңғырту механизмдері және зерттеу барысында анықталған мәселелерді шешу тетіктері жан-жақты сараланып, талданған. Практикалық ұсыныстар жүйелі түрде жазылған және ішінара жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижелері Бал текстиль ЖШС берген енгізу актілерімен расталған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазудың сапасы жоғары деп бағаланады, мәтін түсінікті және қол жетімді тілде берілген. Диссертация академиялық жазудың қабылданған стандарттарына сәйкес келеді.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс мазмұнының тереңдігімен, ғылыми негізділігімен және өзектілігімен ерекшеленеді. Докторант зерттеу жұмысында халықаралық тәжірибеге жүгінгеніне қарамастан, кілем өндірісінің инновациялық даму деңгейін кілем өндіруші басқа да елдермен салыстырмалы талдау жеткілікті дәрежеде қамтылмаған. Аталған ескерту диссертациялық жұмыстың жалпы ғылыми құндылығын томендетпейді және болашақта зерттеуді жетілдіру аясында ескерілуі мүмкін.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертацияның негізгі нәтижелері рецензияланатын журналдарда 5 ғылыми мақала түрінде жарияланды, бұл олардың жұмыстың сапасы мен маңыздылығына қойылатын талаптарға сәйкестігін көрсетеді. 2 мақала ағылшын тілінде, 3 мақала қазақ тілінде жазылған. Барлық мақалалар өте жақсы ғылыми деңгейде. Барлық жарияланымдар академиялық жазудың жоғары стандартына ие. Бұл таңдалған мақала тақырыптарының өзектілігі мен жаңалығын негіздеуде, зерттеу әдістерінің сипаттамасында және практикалық маңызды нәтижелерді анықтауда көрінеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

Қанашаев Даулет Есенбайұлының «Технологиялық процестерді цифрландыруды қолдану арқылы кілем өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және «8D04110 - Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынылады.

Ресми рецензент:

э.ғ.к., аға оқытушы, «Мирас» университеті,
бизнес, басқару және қызмет көрсету салалары
секторының менеджері **Коптаева Г.П.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ КАДРЛАР БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ МИРАС УНИВЕРСИТЕТІ

ӘКББ бекітілді